

Педагог-психологтың жылдық есебі

2024–2025 оқу жылында балабақшада педагог-психолог тарапынан жүйелі, мақсатты және кезең-кезеңімен ұйымдастырылған психологиялық қызмет жүргізілді. Жыл бойғы жұмыс балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, психикалық даму ерекшеліктерін қолдау, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтармен нәтижелі серіктестік орнату бағытында құрылды. Барлық іс-шаралар оқу жылының басында бекітілген жоспар мен мақсат-міндеттерге сай жүйелі түрде іске асырылып отырды.

Жұмыс барысында балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, әр топқа арналып түзету-дамыту, психодиагностикалық, психологиялық-педагогикалық ағарту, профилактикалық және кеңес беру бағытындағы жұмыстар толық қамтылды. Сонымен қатар, педагогикалық ұжым мен ата-аналармен өзара тиімді әрекет орнатылып, олардың психологиялық құзыреттіліктерін арттыруға ықпал ететін сауалнамалар, тренингтер, кеңестер жүргізілді.

Жыл бойында атқарылған жұмыстар

2024–2025 оқу жылында педагог-психолог қызметі аясында балабақшада төмендегідей кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді:

- **Барлық жас топтарына** арналған психодиагностикалық, түзету-дамыту, психологиялық-педагогикалық ағарту, консультациялық және психопрофилактикалық бағыттар толық қамтылды. Әр топтың жас ерекшелігі мен қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар іріктеліп, жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылды.
- **Балалардың танымдық және эмоциялық дамуына** ерекше мән берілді. Зейін, есте сақтау, ойлау, қиял, сөйлеу қабілеттерін дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен жаттығулар жүйелі түрде қолданылды. Балалармен жүргізілген жаттығулар олардың өзін-өзі тануына, қоршаған ортаға бейімделуіне және сенімділік деңгейінің артуына ықпал етті.
- **Мектепке дейінгі даярлық** шеңберінде балалардың мектепке психологиялық дайындығын бағалау және дамыту жұмыстары жүргізілді. Мектепалды топтарында арнайы әдістемелер қолданылып, мектепке бейімделуіне қажетті дағдылар қалыптастырылды.
- **Педагогтармен және ата-аналармен ынтымақтастық** бағытында тұрақты жұмыс жолға қойылды. Сауалнамалар, тренингтер, әңгімелесу және кеңес беру арқылы олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі артты. Педагогтармен кәсіби қарым-қатынас орнады, ал ата-аналарға бағытталған шаралар олардың бала тәрбиесіне белсенді араласуына ықпал етті.

Жыл бойы атқарылған жұмыстар **айлық жоспарлар негізінде** жүзеге асырылып, әрбір шарадан кейін **анықтама, хаттама және қорытындылар** ресми түрде толтырылып отырды. Бұл құжаттар қызметінің ашықтығын және тиімділігін дәлелдейді.

Қыркүйек айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қыркүйектің 2-нен бастап топтарды аралап, балалардың алғашқы балабақшаға келген көңіл күйлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Кіші тобы, Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «Пішіндер қорабы» (қабылдау), «Фигураны тап», «Араға көмектес», «Графикалық диктант» (Д.Б.Эльконин), «3 түрлі құрастырмалы матрешка», «Жыл мезгілдері», Қабылдауды анықтауға арналған тапсырма «Көлеңкесін тап» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Педагогтар және балабақша қызметкерлерінен «Адамдармен тез тіл табыса аласыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды. Ата-аналардан сауалнама алынды. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша Кіші тобы, Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «Танысу», «Үйдің есігін жабайық», «Досыңмен кездесу», «Сыйлық», «Сиқырлы сөздер», «Ку-Ку», «Қолың қайда?» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Қазан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының қазан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қазанның 1-нен бастап 3-4жас ортаңғы тобы, 4-5жас ересек топтарына балалардың танымдық дамуын анықтау мақсатында «Қиылған суреттер», «Суретте қандай заттар жасырылған», «Суреттерді салыстыр», «Айырмашылықты тап», «Мына суретте не жетіспей тұр?», «Белгілерді қой», «Фигуралардың суретін салып бітіру», ата-аналардан «Жанұяның әлеуметтік сауалнамасы», «Баланыз балабақшаға баруға дайын ба?», «Баланың мектепке дейінгі бейімделуі» тақырыптарында психодиагностика, жұмыстары жүргізілді.

3-4жас ортаңғы тобы, 4-5жас ересек тобы және 2-3жас кіші топтарына «Қай қолымда», «Біреу көп», «Жағымды сөздер», «Тығылмашық» тақырыптарында, ата-аналармен және педагогтармен «Отбасы бақыт мекені», «Балаларға қандай ойыншықтар керек?» тақырыптарында ағарту жұмыстары, Түзету-дамытушылық бойынша «Жұмбақ заттар», «Ойыншықтар», «Бір, екі, үш» тақырыптарында балалармен жұмыстар жүргізілді. Консультациялық бағытта педагогтарға «Ф.Фребельдің әдістемелік құралының ерекшеліктері», «Үш жастағы дағдарыс бұл не?» тақырыбында кеңестер берілді. Ата-аналарға «Қауіпсіз Интернет» психологиялық түсіндірме жұмыстары және кеңестер берілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Қараша айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының қараша айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 04-нен бастап психодиагностикадан Ересек тобына «Менің отбасым» тесті және «Екі үй» әдістемесі алынды. «Бір-біріңді таны», «Допты беріп жібер», «Не өзгерді?», «Түгендеу-шатастыру», «Ормалмен билеу», «Біз тамшымыз», «Бүлінген телефон», «Өзің жайлы жақсы сөздер айту», «Ұзын қысқа», «Тыңдай білу іскерлігі» тақырыптарында Ересек тобы, Ортаңғы тобы, Кіші тобы осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту бағытта жұмыстар жүргізілді. Ересек тобы, Ортаңғы тобы осы аталған топтарға түзету-дамытушылықтан «Бұл неден жасалған», «Билеп көрсет», «Ойлан тап», «Аяқталмаған суреттер» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Балабақша қызметкерлерінен «Балабақшада қызмет жасайтын маманның кәсіби шеберлігін анықтайтын жедел сауалнама», «Отбасындағы психологиялық ахуал», «Баланың теледидарға тәуелділігі», «Жанұяда зорлық зомбылық болмасын» тақырыбында ағарту жұмыстары жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Желтоқсан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының желтоқсан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша желтоқсанның 2-нен бастап Психологиялық-педагогикалық ағарту бағытынан Ересек тобына «Доп» ойыны жүргізілді. Психодиагностикадан , Ересек тобына «Менің отбасым» тесті, «Сөзді есінде сақта» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. «Сипап сезу арқылы санау», «Доп» ойыны, «Сөзді керсінше ата», «Сөзді есінде сақта», «Жыл атасы» тақырыптарында Кіші тобы, Ересек тобы, Ортаңғы тобы, осы аталған топтарға Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары жүргізілді. Педагогтарға және балабақша қызметкерлеріне психологиялық ағартудан «Түзету гимнастикасы: жалпақ табандылық және дене бітімінің бұзылуы» тақырыбында тренинг жүргізілді және «Жанұяда зорлық – зомбылық болмасын» тақырыбында ата-аналарға ағарту жұмыстары жүргізілді. «Балаға стресс алып келетін және денсаулығына әсер ететін факторлар», «Көп ойыншықтың зияны», «Қауіпсіз интернет» консультациялар берілді. Ортаңғы тобы және Ересек тобы, Кіші тобы, топтарға «Сандар», «Пішіндер әлемі», «Пішіндерді орнына қой», «Күн», «Баумен ойын» тақырыптарында түзету-дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Қаңтар айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының қаңтар айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қаңтардың 5-нен бастап Түзету-дамытудан , ортаңғы тобына және кіші тобына, ересек тобы, «Баланың зейінін дамыту», «Машиналарды гаражға қой», «Менің достарым», «Картина», «Бір сөзбен айт», тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. «Затты қалай қолдануға болады?» ойыны, «Орамалды бірінші алу», «Достық» , «Өз үйінді тап», «Жунглиндағы жаңбыр» тақырыптарында ортаңғы топта және кіші, ересек топтарда ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Педагогтарға және қызметкерлерге тренинг «Психологиялық денсаулықтың құпиясы»

тақырыбында психологиялық-педагогикалық ағарту жүргізілді және «Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда, қолдарының ұсақ моторикасын дамытуға арналған тіл дамыту құралы» тақырыбында ата-аналарға психологиялық кеңес берілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Ақпан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының ақпан айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша ақпанның 3-нен бастап Ересек тобы, Ортаңғы тобына психодиагностикадан «Шаршы құрастыр», «Санап көрсет», «Бірдей суретті тап», «Есте сақта және нүктені орналастыр» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Түзету-дамытушылықтан Ересек тобы, Ортаңғы тобы, Кіші тобына «Үлкен және кішкентай доптар», «Бір сөзбен ата», «Үйлер және тулар», «Өз үйінді тап», «Маған қарай жүгіріңдер», «Сирек кездесетін фигуралар» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. «Төрт құбылыс», «Көңілді шеңбер», «Орындықты тап», «Сөзді есінде сақта», «Ойlanda аяқта», «Жаңа ертегі», «Ілінген орамал», тақырыптарында Психологиялық-педагогикалық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Педагогтар және Балабақша қызметкерлеріне «Сен өзгерсең, сенің әлемің де өзгереді» тақырыбында тренинг жүргізілді. Ата-аналарға «мейірімділік асыл қасиет» тақырыбында тренинг жүргізілді. Психолог бұрыштары жаңартылып ата-аналар мен педагогтерге кеңес беру жұмыстары ілінді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Наурыз айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының наурыз айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша наурыздың 3-нен бастап Ересек топтар және ортаңғы топтар, кіші топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту «Жоғалған ойыншықты тап», «Көлеңке», «Жұдырыққа жасырылған орамал», «Мақтаншақтар» және «Тында да айт», «Түрлі түсті доптар», «Қиял жалғасы», «Гүл» ойыны және «Шындыққа бір қадам», «Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу», «Суреттің жалғасын тап» ойындары бойынша жұмыстар жүргізілді. Педагогтармен «Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды зерттеу» бойынша психодиагностикадан сауалнама алынды. Ересек топтарынан «Зат неге ұқсайды?» , Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт» әдістемесі, «Үй-ағаш-адам» (суреттік тесті) тақырыбында психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. Түзету дамыту жұмыстары бойынша ортаңғы, кіші, ересек топтарына «Құм терапиясы», «Жыл мезгілдері», «Қателеспе сиқыршы», «Көбелек» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Педагогтар және балабақша қызметкерлерінен «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі алынды. Ата-аналарға «Қорқыныш дегеніміз не?», «Солақай балалар», «Баланы қалай дамытамыз?» тақырыптарында кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Сәуір айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының сәуір айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша сәуірдің 1-нен бастап Ересек тобы, Ортаңғы тобы, Кіші топтарына

психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Заттарды қабылдау», «Ұқсас суретті тап», «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта», «Суреттерді аяқтайық», «Шөлдеу», «Көбелек», «Барлығы қанша?», «Жел» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан Ересек тобынан Йиарсек Керн тесті арқылы балалардың мектепке дайындығын анықтау жұмысы жүргізілді. Ересек тобына «Суреттер туралы әңгіме», «Пішін қорабы», «Жоқ жануар» тақырыптарында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Түзету дамыту бағыты бойынша Ересек тобы, Ортаңғы тобы осы аталған топтарға «Маскалар» жаттығуы, «Шашу» және «Менің планетам», «Жыл мезгілдері», «Суреттер бойынша сұрақтар» тақырыптарында балаларға ой-өрісті дамытуға арналған ойындар жүргізілді. Ата-аналарға «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбында сауалнама алынды. Педагогтарға «Педагогтар арасындағы тұлға аралық қарым-қатынас» тақырыбында сауалнама алынды. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Мамыр айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2024-2025 оқу жылының мамыр айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша мамырдың 2-нен бастап Ортаңғы, Ересек, Кіші топтарына Түзету-дамытушылықтан «Сәлеметсің бе, құм!», «Құмды жауын», «Құмды жел», «Ерекше іздер», «Жолдар» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді.

Психодиагностикадан Ересек тобына, Ортаңғы тобына «Мені қайтала» және «Доп ойыны», «Қайда тұрады?» тақырыбында жұмыс жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Кімге қанша?», «Шапалақты тыңда», «Алуан түсті көңіл-күй», «Бес санын шапалақта», «Кім сені шақырады, тап», «Әрқашан күн сөнбесін», «Қуаныш жемісі», «Тышқан мен мысық», «Батпақ жол» ойыны, «Жемістер», «Кім жылдам» тақырыптарында балаларға тренинг жүргізілді.

Педагогтар және балабақша қызметкерлеріне «Психоэмоционалды күйзелісті жеңілдету» тақырыбында педагогтармен тренинг жүргізілді. Ортаңғы, ересек топтарында қорытынды диагностика алынды. Хаттама, анықтамалары шығарылды.

Нәтиже:

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша педагог-психологтың қызметі тиімді ұйымдастырылып, мынадай оң нәтижелерге қол жеткізілді:

- **Балалардың психологиялық ахуалы** айтарлықтай жақсарды. Эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі бақылау, қарым-қатынас дағдылары дамып, балалардың балабақша жағдайына бейімделу деңгейі артты.
- **Әлеуметтік ортада еркін әрекет ету**, өз ойын ашық білдіру, қиын жағдайларда көмек сұрай білу қабілеттері қалыптасты. Бұл балалардың өз-өзіне деген сенімін нығайтып, топ ішінде жағымды қарым-қатынас орнауына ықпал етті.

- **Педагогтар мен ата-аналар арасындағы өзара байланыс нығайды.** Психологиялық кеңестер, тренингтер және сауалнамалар арқылы бірлескен әрекеттің тиімділігі артты. Педагогтар тарапынан балаларға қатысты кәсіби көзқарас қалыптасып, ата-аналар тәрбиелеу процесіне белсенді араласа бастады.
- **Психологиялық қызметтің мазмұны мен сапасы жаңа деңгейге көтерілді.** Қолданылған әдіс-тәсілде баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталып, заманауи талаптарға сай жетілдірілді. Жұмыс барысында дәстүрлі және инновациялық тәсілдердің үйлесімі қолданылды.
- **Психолог кабинеті әдістемелік материалдармен және қажетті құралдармен толықтырылып, жұмыс ортасын оңтайландыруға мүмкіндік жасалды.**

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлаймын:

Келесі оқу жылына жоспар:

- Жұмыс жоспарын жетілдіру;
- Әдістемелік базаны толықтыру;
- Балалармен, педагогтармен, ата-аналармен жүргізілетін бағыттарды тереңдету;
- Психолог кабинетін материалдық-техникалық жағынан нығайту;
- Жобалық жұмыстарды жалғастыру және кеңейту.

Балабақша педагог- психологы: